

**ШҚО мәдениет және спорт басқармасының
«Шығыс Қазақстан облыстық балалар және
жасөспірімдер кітапханасы» КММ**

Ақпараттық-библиографиялық орталық

**«РАЙЫМЖАН МӘРСЕКОВ –
АТАУСЫЗ ҚАЛҒАН
АЛАШТЫҢ АРЫСЫ»**



ИНФОРМ-ДОСЬЕ
(9-11 сынып оқушылары мен БОБ-қа арналған)

Өскемен қаласы, 2022

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Назарларыңызға, Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер-адвокат, публицист РАЙЫМЖАН МӘРСЕКОВТИҢ 145 жылдық мерейтойына орай 9-11 сынып оқушылары мен БОБ-қа арналған **«Райымжан Мәрсеков – атаусыз қалған Алаштың арысы»** атты Информ-досьені ұсынамыз.

Бұл жерде ұлы тұлғаның өмірбаяны таныстырылып, кітапхана қорынан іріктеліп алынған ол туралы әдебиеттер мен мерзімді басылым бетінде жарияланған мақалалар тізімі берілген.

Берілген мәліметтер мен ұсынылған әдебиеттер бойынша ұсыныс-пікірлеріңіз болса, төмендегі мекен-жайға хабарласуларыңызға болады:

*Өскемен қаласы,
Космическая көшесі, 6/2
ШҚ облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы,
Ақпараттық-библиографиялық орталық.*

ӨМІРІ ЖОЛЫ

Ағынан қарасы мол осынау таным-түсінігіміздегі ашылмаған аралдардың бірі - алаш қамы үшін ажалмен мың жүздескен заң қызметкері, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің белді мүшесі – **Райымжан Мәрсекұлы**. Бұдан бір ғасырдай уақыт бұрын «Қазақ қайда бара жатыр?», «Қазақ қайтсе жерге ие болады?» деп ұлт мүддесіне шын жаны ауырған қайраткер жайлы бүгінгі ұрпақ - біз не білеміз?



Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер-адвокат, публицист РАЙЫМЖАН МӘРСЕКОВ 1877 жылы бұрынғы Семей облысының Өскемен уезі Айыртау болысында (Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданында) дәулетті, елге сыйлы Сасықбайұлы Мәрсектің отбасында дүниеге келген. Әкесі Мәрсектің руы – Найман ішінде Терістаңбалы, анасының руы – Жанай, атақты Тана мырзаның ұлы Омар мырзаның қызы Бейілхан ханым. Көреген ата-ана заман ағымын түсініп тетелес өсіп келе жатқан ұлдары Райымжан мен Шериязданды Өскемендегі уездік орыс-қазақ мектебіне беріп сауатын аштырған. Орта білімін 1897 жылы Омбы классикалық гимназиясында оқумен толықтырған жасынан зерек Райымжан 1897-1999 жылдары Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түседі, бірақ студенттер толқуына қатысқаны үшін қуылған.

Райымжан жас кезінен-ақ еті тірлігімен көпшілік көзіне түскен. Оның күрескер тұлға, қайраткер ретінде қалыптасуының негізі осы кезеңнен бастау алған. Студент шағынан ол қоғамдық жұмыстарға қызу араласып, өзіндей

алыстағы қазақ жерінен келіп оқып жатқан қазақ жастарымен тығыз қарым-қатынаста болды. Қоғамда болып жатқан өзгерістер, патша үкіметіне қарсы бой көтеру, толқулар әсерінен өзі қатарлас жастардың бойын билеген еркін ой-идеялар Райымжан үшін де жат болған жоқ.

Жастардың қайнаған ортасында жүрген Райымжан 1899 жылғы ақпан-наурыз айларында болған отаршыл саясатқа қарсы студенттер қозғалысына қалыптасқан саналы күрескер ретінде қатысты. Әрине, бұл әрекеті үшін ол билік назарынан тыс қалған жоқ, тиісті жазасын алып оқудан шығарылып, астанада қуылды.

Елге келген оған Семей облысы әскери губернаторы сыртынан полицияның қатаң бақылауын қойған. Басқан ізі аңдулы екенін сезген ол көп аялдамай сол жылы тамызда қайта Петербургке барып, ізденіп жүріп, үлкен қиындықпен қайта оқуын жалғастыруға қол жеткізген. Талап етілген тәртіпті бұлжытпай орындап, ол 1902 жылы оқуын бітіріп шыққан. Оқуын бітіре салысымен Р.Мәрсеков Семейдің округтік сотына қызметке тағайындалып, алған білімін халқының игілігіне жаратты.

Райымжан Мәрсеков көкірегі ояу, көзі ашық әрбір ұлтжанды азаматты толғандырған қазақ қоғамының өзекті мәселелеріне студент кезінен-ақ қалам тартқан. Оның алғашқы зерттеу мақалалары 1899-1900 жылдары «Дала уалаяты» газетінде жарияланып тұрған. («Сайлау һәм оның ақырғы залалы» (Дала уалаяты газеті, 1899, №44, 45, 46; «Қазақ билерінің тексерулері» 1900, №1, 2; «Бір ауылдан бір ауылға шықпақ турасында» 1900, №6).

Райымжан Мәрсеков 1902 жылы 22 желтоқсанда Семей орыс географиялық қоғамына мүше болуға өтініш беріп, мүше-қызметкер ретінде қабылданған. Оның 1901 жылы «Санкт-Петербургское вѣдомство» газетінің №68 санында жарияланған «Киргизы и переселенцы» атты мақаласы аса құнды еңбек ретінде Абай атындағы

кітапхананың сирек қорында сақталған 1902 жылғы каталогына енгізілген.

Сонымен қатар кітапхана каталогына Р.Мәрсековтың: «Сайлау (выборы) и его вредн. послѣдств.», «Киргизский народный судъ» және «По поводу статьи въ киргиз. Степ. Газ. «Женщина»» мақалалары енген.

1903 жылдың 30 наурызында Р.Мәрсеков географиялық қоғамның мәжілісінде қазақ өлкесіндегі басқару ісіне, болыстық соттар мен старшындарды сайлауға қатысты «О выборном начале у киргизов» деген тақырыпта баяндама жасады. Ол сайлау барысында қазақтардың бірнеше партияға бөлініп, ел басқару ісіне дау-жанжал арқылы, сондай-ақ, әртүрлі заңсыз жолдармен сайланатынын баса айтып, қазақ өлкесін басқаруда болыстық соттар мен старшындарды сайлауда ақсақалдар сайлауы емес, тікелей қара халықтың сайлауын, яғни төте сайлау енгізу жөнінде ұсыныс жасайды. Райымжанның бұл ұсынысы қызу пікірталас туғызған.

Өресі кең, жан-жақты білімді, орыс-қазақ тілдерін терең меңгерген Райымжан қаламынан туған мақалалар көтерген мәселелерінің күрделілігімен, кең ауқымдылығымен ерекшеленіп, сол тарихи кезең тынысын танытады. Оны толғандырған:

«Жер мәселесі» (Қазақ, 1914, №67);

«Ата қонысынан айрылған қазақ жайы» (Қазақ, 1915, №179);

«Қазақ қайтсе жерге ие болады» (Айқап, 1912, №1,2);

«Бас қосудың керектігін» (Айқап, 1913, №10);

«Қазаққа бөлек муфтилік керек пе?» (Қазақ, 1913, №43);

«Қазақ қайда бара жатыр?» (Қазақ, 1914, №62);

«Қоныстандыру басқармасының озбырлығына қарсы наразылық» (Қазақ, 1914, №67) т.б. соның айқын айғағы.

1908-1912 жылдары Р.Мәрсеков Омбы сот палатасының шақыртуымен сонда қоныс аударып, адвокатурада қызмет жасады.

Ал 1912 жылы Райымжан Мәрсековтың отбасымен қайта көшіп келуін Семей халқы жақсылыққа балап, қуанышпен қарсы алған. Ол білікті заңгер-маман ретінде көпшілікке танылып, қараңғылықтан жапа шегіп, жалған айыптан жазалы болғандарға бостандық әперген.

«ҰЛТЫМ!» ДЕГЕН ҰЛДАРДЫ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ

Тарихи-шежіре адамзаттың тұтас бір ұрпағының құжаттандырылып, бір жүйеге түскен жылнамасы іспетті. Әлбетте, ол белгілі оқиғалар мен ұлық күндерді санамалаумен шектелмейді. Ғасырдың күндер, айлар мен жылдардан құралатыны сияқты, халық тарихы да әрбір жеке адамның өмірінен тұрады. Замана зердесінде, уақыт жылнамасында өскен елі, туған жері үшін өшпес із қалдырған адамдар ғана сақталып, қатталып қала береді. Тағдыры талқыға толы болса да, тұғыры биік тұлғалардың есімдері уақыт тасқынымен шайылмастан, ел есінде мәңгі жарқырайды. Сондай бір үркердей топ – жасаған іс-қимылы, көрсеткен қажыр-қайраты қалың қазақ қауымында ерекше орын алатын, бүгінде тәуелсіз даму тұрғысынан қайтадан күн тәртібіне шығып, өз бағасын алып жатқан Алаш қайраткерлері.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен елге пана, ісі қазаққа тұлға болуды мақсат тұтқан арыстарымыз Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ж.Ақпаев, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедовтермен бірге Райымжан Мәрсековта Алаш автономиясын құруға бар жан-тәнімен кіріскен. Қалың елі қазағының сауат ашу, қоныстану, жер мәселесі, шаруашылық, ел билеу ісі, сайлау, тіл, дін сияқты саяси-әлеуметтік өзекті мәселелеріне үн қоса отырып Р.Мәрсеков жас Алашорда үкіметінің Семей

облыстық басшыларының бірі болды. Барлық алаш қызметкерлері Уақытша үкіметтің жергілікті органдарында қызмет жасады. Р.Мәрсеков Семей облыстық Қазақ комитетінің төрағасы қызметін атқарып, облыстық атқару комитетінің мүшелігіне сайланған. Сонымен бірге ол жаңадан құрылған Облыстық қазақ сотының төрағасы лауазымын қоса атқарған.



Р.Мәрсеков 1917 жылдың күзінде Алаш партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиылысына депутат болып сайланды. Халық күйзелісі жанына сая бермеген Р.Мәрсеков Қиыр

Шығыстағы Владивосток қаласына сапарға шығып, Американың «Мейер» фирмасынан Семей облыстық земствосы атынан 15 миллион сомның тауарын жергілікті шикізатқа айырбастап, бұқара халықты мұқтаж заттарымен қамтамасыз етіп, жоқшылықтан құтқаруға көмек көрсетеді.

Қазақстанда Большевиктік режим орнағаннан кейін өзге алаш зиялылары қатарлы ол да кеңестік жүйе мекемелерінде қызмет жасады. 1922 жылдың 5 сәуірінен 4 маусымына дейін Семей губерниялық атқару комитетінің ақпараттық нұсқаушылар бөлімінде нұсқаушы тексеруші қызметінде болғанын өзі толтырған жеке қызмет ісінде жазған екен. Бұл Р.Мәрсековтың өз Отанында соңғы істеген қызмет орны.

Большевиктік үкімет тарапынан қуғын көріп, тәркілеуге ұшыраған Р.Мәрсеков 1923 жылы Қытайға өтуге мәжбүр болады. Соңғы анкетасындағы мәліметтерінде өз жасын 43-те, әйелі-Гүлназибұлбұл, Жанша атты ұлы, Гүлғасыл, Гүлрауза атты қыздары барын жазған. Бірінші жолдасы Рахимадан туған үлкен балалары Гүлғасыл мен Жанша 1920 жылы 20 ақпанда Семейде қайтыс болған. Екінші әйелі қазақтар арасында беделді татар байы

Бекметьев Ғабдулғазиздің қызы – Бұлбұл-Гүлназдан кіші қызы Гүлрауза дүниеге келген. Басқан ізі аңдулы болған Р.Мәрсеков отбасын Қытайға алып өте алмаған. Алғаш Алтай аймағына өткен ол, кейіннен Мамырбек төренің баласы Қызыр үкірдай ауылында тұрып Алаш партиясының ең басты мақсаттарының бірі-халықты өнер-білімге үйрету ісімен айналысты. Жүрген жерінде туған халқына сая бола білген ел ардақтысы Райымжанның беделі зор болды.

1936 жылы Шың Шицай үкіметі інісі Шерияздан екеуін тұтқындағанға дейін, орысша және төте жазумен бала оқытып, парасатты ел ағасы Қызыр үкірдайдың қолдауымен Байбосынқызы Нұржамалға үйленіп, отбасын құрып, Гүлихан, Гүлсипат, Сәлихан атты қыздары мен Жаһанхан атты бір ұл сүйеді. Толы аудандық үкіметке Алашордашыларды қамау туралы жарлық түскенін Қызыр төреден естіп, Құлжаға кетіп, бай татарларға жасырынып, атын өзгертіп, бұл арада да бала оқытумен айналысады. Артынан бала-шағаларын алдырғанымен көп ұзамай өзі тұтқындалып, Үрімжі қаласындағы Шың Шицай зынданына қамалған. Сол кезде аталған түрмеде жатқан інісі Шерияздан тамақ тасушылардан ағасының бар екенін сұрастырып, біліп отырған. Кейіннен ағасының із-түзсіз жоғалғанын естиді. Аштық пен қинаудан денсаулығынан айрылған Шерияздан алты жылдан соң аурулығы себепті түрмеден шығарылғанмен көп ұзамай дүниеден өткен, ал Райымжан туралы ешбір дерек болмаған.

Оның тағдыры туралы аңызға бергісіз түрлі әңгімелер айтылады. Қайткенде де оның сүйегі Қытай топырағында қалғаны ақиқатқа жақындайды. Өйткені 1938 және 1940 жылдары Қытай жерінде жүздеген Алаш арыстары, ұлтшыл қазақтар советтік құпия қызметтің көрсетіп, арандатуымен дарға асылып, тіптен тірідей көмілген болатын. Қайда қашса да Қорқыттың көрі алдан тосқан асыл азамат басқа да үзеңгілес, серіктес әрі қандас

туыстарымен бірге туған жердің бір уыс топырағы бұйырмай, бір томпақ молаға да айнала алмай, жер бетінен ізім-қайым жоқ болды.

Енді ардақты азаматтың ой-толғамдарына көңіл бөлейік.

**Қай халық болса да қазақтан артық туған жоқ. Артылса, оза – ғылым-білім арқасында асып отыр. Егер оқу жолына – партиялық қызығуына кіргендей ұмтылсақ, талпынсақ, жігерленсек біреуінен кем болмауымыз анық;*

**қай мәселе болса да, қазақтың мұңын жеткізе білерлік бізден кісі табылар еді, бірақ бізді қинайтын жағы пұл бола ма деп қауіп етеміз. Қазақ ынтымақпен іс қылатын болса, пұл да қиын болмас еді. Мұндай іске кісілік көрсете алмаса, қазақтың жұрт болып жер үстінде жүруіне қажет аз;*

**ендігінің жастары, қазақты ілгері басқызу, адам қылу сендерден болмаса, қырдағы жақсы деген «жақсылардан» үміт аз. Оларға қараған күн қараң;*

**осы күнде екі жақсының бірі ынтымақта болуы кемде-кем болды. Жақсыларымыз жұртына қорған болып, елінің қамын ойлайын дегеннен қалып, мақсұттары бірін-бірі мұқату болды, біреу біреуден адал ақысын алып, қолы теңдікке жету деген қалды;*

**жерімізді қарасақ ұшан-теңіз, неше мемлекеттің жерінен көп, бірақ сол жер бізге жетпей тарлық қылып отыр. 40 миллион француздың жері біздің арғын, найман жайлаған жерден көп аз. Соған да сыйып отыр. Мұның себебі не? Олар шөл даладан су шығарған, шөпсіз жерге шөп еккен, мұның бәрі ғылымның арқасы;*

**оқу, оқыту, өнер үйреніп адал кәсіп істеуге қазақ көңіл қойып талаптанса, көзі ашылар еді, сонда қазақ ел болар еді;*

**ұмтылатын заман келді. Ерлердің қайраты, жақсылардың білімі, елдің елдігі, ынтымағы сыналатын*

жорық болды. Қазағым, ойлан, толған! Ғылымсыз күн – қараңғы түн;

**адамға қару-жарақ қандай керек болса, ғылым-білім сондай керек. Жаудан басын, талаудан малын қорғау – құралсыз болмайтын болса, ғылымсыз адамның да қадірі болмай, сөзі тыңдаусыз болмақ. Ғылымсыз халық та осы сияқты саны көп, сапасы жоқ болып, көп болса да, шөп болмақ;*

**енді ел боламыз, қатарға қосыламыз десек, мектеп, медресені көбейтуге тырысу керек. Партия қуып, құлық, сұмдық сауғаниша, баламызды оқытып, жұрт болу жағын көксеу керек, бұл біздің атқаратын зор міндетіміз;*

**әскерлік қызметін атқару қазақ халқының мойнына міндет болып, низам шығарлық болса, біз атты әскер болуды лайық көреміз һәм қазақ-орыс ретінде қызмет ететін болсақ, мұндағы кейбір ауыртпалықтарды жеңілдету жағын ескертуді тиіс деп табамыз. Соғыс болған уақытта бір үйлі жанда шаруасын басқарарлық бір адамы қалатын болу керек;*

**қазақтың әдебиеті бүгін кеш жарыққа шығып, жұрттың сынына түсіп тұр. Әдебиет те жас баламен бірдей, сүйеу күтеді. Халық жақсы көзбен қараса, әдебиетке демеу болып, әдебиет өрге басады;*

**біздің бар қазаққа тараған бір газет, бір журналымыз бар. Бұл екеуі де дүниеге жаңадан ғана келген жастар. Бұлардағы жазған сөздерді оқып өзге халықтың газеттерімен салыстырып қарасақ, біздің қазақшылығымыздың білінер тұсы бар көрінеді;*

**адалдық бітіп, кісілік таусылып, нашарлар теңдікке жетпей, малы түгіл қатын-балаға ие болмас заманға біздің қазақ ұшырап тұр;*

**көшпеліліктен отырықшылыққа айналу өте қиын мәселе һәм тіршілік мәселесі. Бұл мәселе әсіресе қазақ*

даласына ішкі русиядан мұжықтар ағыла бастағаннан бері қиындады.

Қайраткердің өмір жолын зерттеушілердің бірі, Райымжан Мәрсеқұлы туралы біршама тарихи мәліметтерді білетін жазушы Құдабаев Сиезхан Дәулетханұлы өзі басшылық еткен мектепке Райымжанның атын бергізуге күш салған адам екенін де айта кету керек.

2000 жылдардың басында Шығыс Қазақстан облысының, Қасым Қайсенов кентіндегі жалғыз мектепке Райымжанның аты берілді.

Десе де, қайраткердің өмір жолы әлі толық зерттелмеген.

Қорытындылай келе айтарымыз, Алаш ұлт-азаттық қозғалысы тарихында Р.Мәрсековтің атқарған қызметі ерекше орынға ие. Өз мақалаларында Р.Мәрсеков мемлекеттің іргетасын құрайтын (жер, сот, білім, ұлт бірлігі, т. б.) өзекті мәселелерге назар аударып, ойларымен бөліседі. Бұл пікірлердің айтылғанына ғасырға жуық уақыт өтсе де, бүгінгі күннің өзінде әлі маңыздылығын жоғалтпаған. Тәуелсіз даму өткенді мұқият зерделемей, келешекті кеңінен болжамай жүзеге аса қоймайды. Сондықтан да қалың қауым қазірде ұлттығымыз бен мемлекеттігіміздің тарихи бастауларына айрықша ықылас аударуда.

Алаш тарихына, Алаш идеясына қызмет жасаған тұлғаларға баға беруді біздің бүгінгі азаматтық парызымыз деп есептейміз!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Кітаптардан:

Алаш. Алашорда: Энциклопедия / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова.- Алматы: Арыс баспасы, 2009.- Б.239.

Жайнақов Ы. Райымжан Мәрсеков – атаусыз қалған алаштың арыстары // Қазыбекұлы, Нұрқасым. Ағалардан қалған із / Н. Қазыбекұлы ; ред. Ә. Күлімбетов. - Алматы, 2011. – Б. 75-82. : портр.

Райымжан Мәрсеков // Алаш қозғалысы : балаларға арналған анықтамалық. - Алматы : InterBesCompany, 2017. – Б. 123.

Райымжан Мәрсеков // Аманаты Алаштың : балаларға арналған энциклопедия / құраст. Т. Қ. Шаңбай. - Алматы : Сардар, 2018. – Б. 248.

Райымжан Мәрсеков // Қазыбек, Нұрқасым. Тасада қалған тарландар : танымдық мақалалар / Н. Қазыбек ; ред. А. Естен ; ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім м-гі . - Алматы : Білім, 2003. - 76 б. : портр. - (Уақыт және Қаламгер).

Райымжан Мәрсеков // Раев, Қ. Алаштың арда ұлдары: мақалалар мен зерттеулер / Қ. Раев. - Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – Б.112.

Райымжан Мәрсеков // Тілешов Е, Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2014. – Б.301-302.

Райымжан Мәрсеков // Шығыс жұлдыздары : энциклопедиялық анықтамалық. 2-т. / құраст.: Ұ. Есдәулет, Қ. Құрмансейіт, Д. Кәпұлы ; ред. Қ. Құрмансейіт. - Астана, 2011. – Б. 284-285. : фотосуреттер.

Мерзімді басылымдардан:

Әлина Р. Райымжан Мәрсеков – алыстағы жылдардың қасіретті тағдыры // Дидар. - 1999. - 10 шілде. – Б. 4.

Әнес, Ғарифолла. Тағдыры жұмбақ Райымжан Мәрсекулы / Ғарифолла Әнес. - Текст : непосредственный // Ана тілі. - 2017. - 5-11 мамыр (№18). - Б. 2(өмірбаяны)

Егізбаев Қ. Алаштың арысы – Райымжан Мәрсеков // Қазақ тарихы. - 1999. - №2. - Б.38-43.

Райымжан Мәрсеков // Әділбекқызы Ж. Семей орыс географиялық қоғамы және қазақ зиялылары // Абай. - 2004. - №1. - Б.61-64.

Райымжан Мәрсеков // Дулатбеков, Нұрлан. Ұлт жанашыры / Н Дулатбеков. - Текст : непосредственный // Ана тілі. - 2011. - 15-21 желтоқсан (№50-51). - Б. 15. : портр. - (Алаштан алғаш шыққандар)

Райымжан Мәрсеков // Жұмаділұлы Қ. Шыңжаңдағы қазақ зиялылары // Қазақ тарихы. – 1997. – №3. – Б. 22-23.

Райымжан Мәрсеков // Жұмахметұлы, Ермек. Жат жердің топырағы бұйырғандар / Е. Жұмахметұлы. - Текст : непосредственный // Ақиқат. - 2018. - №4. - Б. 79-82 : портр.

Райымжан Мәрсеков // Қайса О. Алашта артық туған бір тұлға еді // Дидар. – 1999. – 3 тамыз. –Б. 3.

Райымжан Мәрсеков // Мағзұмов, Марат. Айыртаудың ақиығы / М. Мағзұмов. - Текст : непосредственный // Ақ Ертіс. - 2010. - № 5. - С. 55-70.

Райымжан Мәрсеков // Тұңғыш адвокат. - Текст : непосредственный // Дарабоз. - 2011. - №10. - Б. 26. : портр. - (Алаштан алғаш шыққандар)

Уәли, Берік. Мәрсекеұлын ұмытпасқа... / Б. Уәли. - Текст : непосредственный // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2020. - 15-21 қазан (№42). - Б. 6 : портр.

МАЗМҰНЫ:

Өмір жолы3
«Ұлым!» деген ұлдарды ұмытуға болмайды6
Әдебиеттер тізімі12

**Құрастырған және
компьютерде өндеген:** **Ж.Н.Буханова**
*Ақпараттық-библиографиялық
орталық жетекшісі*

Жауапты: **К.Б.Мукашева**
Кітапхана директоры

Тексерген: **Р.С.Ибраймова**
Кітапхана әдіскері